


Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты
2017 жыл



Тақырыбы: Балалардың 1 жастан 3 жасқа дейін дамуы.

- 
- Бір жастан бастап үш жасқа дейінгі ерте балалық шақ - бала өміріндегі ерекше кезең. Баланың ақыл-ойының, денесінің дамуы мен адамгершілік қасиетінің негіздері осы жаста қалыптасатындықтан, ересектердің балаларға тікелей әсер етуі ерекше болады.
 - Күн тәртібінде балалардың гигиеналық күтіміне маңызды орын беріледі. Сондай-ақ, күнделікті өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру, бала дербестігін тәрбиелеу қажеттілігінің артуы сияқты мақсатты түрде педагогикалық әсер ету белгілі бір орын алады. Балаларда өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыра отырып, үнемі көмек көрсету қажет.



- 1 жастан 3 жасқа дейінгі бөбектік кездегі негізгі ерекшеліктері:
- 1)Адамдармен қарыс-қатынас жасауда түсіну пайда болады.
- 2)Ойлауға өзін-өзі тежеу қалыптасада.
- 3)Тілдің дамуы 1 жаста жеке сөз айтылады: 2 жаста 2-3 сөзді құрастырып айтады, 3 жастың аяғында толық балалармен қарым-қатынас жасайды.
- 4)Фанемадан кеінгі кезеңде фанемді сөзге ауысады.
- 5)Экоцентрлік сөз 1 жастан аяқталады.
- Заттық әрекеттер монепулярлық тұрғыда емес, мағынасын түсініп жасауда болады, ойын 1-3 жаста алғашқы сюжеттік ойындар ойнай бастайды.
- 3 жаста бала қарапайым жаңа форманы ажыратады.

- 
- Бірінші жарты жылдықта тіл айтарлықтай қарқынмен дамиды; сөйлеуге еліктеу қабілеті жетіледі, былдыры күрделенеді; бір жарым жасында белсенді сөздік қоры 30-40 сөзге жетеді.
 - Екінші жарты жылдықта белсенді тіл дамуында айтарлықтай өзгерістер болады: белсенді сөздік қоры 200-300 сөзге дейін артады. Бала тілінде зат есімдердің септік және көптік жалғаулары, етістіктің бұйрық райы мен өткен шақ пен келер шақ түрлері пайда болады. Бала кейбір дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтады.



- 1 жас 3 айдан бастап, 1 жас 6 айға дейін бала жаңа іс-әрекеттерді орындай бастайды, ересектер мен жасы үлкен балалардың іс-әрекеттеріне қарай отыра, тәрбиешінің қимылын қайталап, көргендерін орындайды. Ол бейнелеу әрекеттері деп аталады, 2 жастың соңына қарай бірізділікті қажет ететін сюжеттік ойындарға ауысады. Өйткені, бір жарым жасқа дейін бала көзбен көргенінің әсерінде болады, оның тәжірибелері мардымсыз, ойындары тұрақсыз, ал ойын жағдайын тәрбиеші дайындайды.



- 1,5 жаста сөз бен заттардың арасында байланыс туады, баланың тілі қалыптаса бастайды. Баланың ми қыртысында дыбыс орталығы мен сөйлеу орталығының арасында нервтік байланыс пайда бола бастайды. Кейіннен ол күшейіп, сөздерді құрастыру, 2-3 сөздің басын құрау қабілеттері пайда болады. Дені сау, жақсы дамып келе жатқан баланың бір жасында 6-10, екі жасында 250-300, үш жаста 1500 сөз қоры жиналады. Баланың тәрбиесіне, жоғары жүйке әрекетінің тобына, қозу мен тежелудің қасиеттеріне байланысты балалардың сөз қорының мөлшері әртүрлі.



- бір жарым жасқа дейін бала бір іс-әрекетпен 2-4 минут айналысса, екі жасқа қарай, өз әрекетін сөзбен түсіндіре отыра, 5-7 минутқа дейін айналыса алады



- Екі жаста баланың дене және психикалық дамуы одан әрі жүзеге асады. Ай сайын салмағына 170,0—190,0 г, бойына - 1 см қосып отырады. Екі жастағы баланың салмағы орташа есеппен 12,0—12,7 кг, бойының ұзындығы 85,0— 86,0 см жетеді, 20 сүт тісі болады. Сергу уақытының ұзақтығы: бірінші жарты жылдықта 3 сағаттан бастап 4 сағатқа дейін, екінші жарты жылдықта 4 сағаттан бастап 5,5 сағатқа дейін. Тәуліктік ұйқы мөлшері 14 сағаттан 12,5 сағатқа дейін қысқарады


- Бала өмірінің екінші жылында сөйлейді, заттармен әрекет жасаудың қарапайым тәсілдерін меңгереді. Ол әлі де ересектердің көмегін қажет етеді, бірақ сәбилерге қарағанда, онда талпыныс, ересектерге түсіндіре білуге деген ұмтылыс пайда болады.
- 2 жаста қарқынды даму бағыттары айқындалады. Бұл ересек адамдардың тілін түсіну және сөйлеу қабілетінің дамуы, сенсорлық даму, заттармен әрекеттің, ойындардың, қимыл-қозғалыстарының, дербестіктің дамуы. Дамудың әр бағыты басқа бағыттармен байланысты дамиды. Мысалы, заттармен әрекет жасаудың және ойынның дамуы қимыл-қозғалыстың дамуымен, ал 1 жас 6 айдан кейін сөздерді түсінуімен тығыз байланысты. Дамудың бұл бағыттары осы жаста ерекше маңызды, өйткені олар едәуір күшті болып табылады және жағымсыз факторлар әсеріне (нашар анамнез, аурушандық, педагогикалық әсерлердің жетіспеушілігі және т.б.) аз ұшырайды



- Екі жас — тіл дамуы өте қарқынды өтетін, тілді үйретуге ерекше сезімталдық байқалатын тіл дамытудағы «сенситивті» кезең. Бала екі жасында ересек адамдардың сөздері мен сөйлемдеріне еліктеп, тілдерін түсіне бастайды. Оның белсенді сөздік қоры өседі, бала тілдің грамматикалық құрылысын меңгереді, сөйлемдерді қолдана бастайды



- 2 жастың соңына қарай тіл өзінің негізгі қызметі — қоршаған ортамен қарым-қатынас қызметін атқара бастайды. Бала тілді, ең алдымен, ересек адамдармен әңгімелесуде қолдана бастайды. Бұл жастағы балалар суреттегі өздеріне жақсы таныс қарапайым сюжеттерді түсініп қана қоймай, сонымен бірге ересектердің кейбір сұрақтарына жауап бере алады

- 
- Тілді түсіну біртіндеп болатын процесс. Бұл процесстің дамуы үшін бір жарым жасқа дейін заттар, қимылдар мен олардың атаулары арасындағы байланыс қарқынды орнай бастайды, бұл байланыстар алдымен әлсіз болады, оларды нығайту үшін арнайы жағдайлар қажет. Жекелеген анализаторлардың (қозғалыс, көру, есту қабілеттері) арасындағы байланыс тым берік болмайды, бала ересектерді түсінгенімен, оларға назар аудармауы мүмкін.



- Бала үш жаста тұрмыстық процессте, ойында, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде дербес, ал қозғалыстары үйлесімді бола бастайды.
- 3 жастағы баланың күн тәртібін құру барысында, ең алдымен, сергіту уақытының сипаты мен ұзақтығында болатын өзгерістерді ескеру қажет.



- Баланың жалпы дамуымен байланысты сергектігіндегі өзгерістерге қарамастан, бала 3 жаста жоғары жүйке жүйесі қызметінің ерекшеліктеріне сай ұзақ уақыт бір іспен шұғылдана алмайды: бірқалыпты іс-әрекеттер мен қимылдар оларды жалықтырады. Сонымен бірге, бала әрдайым өзінің жай-күйін бағалай білмейді, іс-әрекетінің сипатын, енжарлығын өзгерте алмайды. Ол үшін күн тәртібін құру барысында бөлмедегі және серуендегі іс-әрекеттердің түрлерін ауыстырып отыру қажет



- Режимдік процесстерді ересектердің әңгімелеуімен, түсіндіруімен ұластырған маңызды. 3 жаста сөз жетекші рөл атқара бастайды, сондай-ақ, жаңа қимылдар мен іс-әрекеттерді үйретуде **көрсету** маңызды тәсілдердің бірі болып қала береді. Сөздің көмегімен ересек адам кейбір әрекет түрлерін баланың есіне салады («Арман, қолыңды жудың ба?»), есіне түсіреді («Әсел, қолыңды жуып болсаң, үстел басына отыр»), түсіндіреді